Автор: Алматова Айгуль Тюмебаевна
Пән: Химия
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Көміртектің органикалық қосылыстары
Тақырып: Органикалық заттардың ерекшеліктері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар білу керек: органикалық қосылыстардың ерекшеліктерін, олардың көптүрлілігін біледі. Көптеген оқушылар білу керек: органикалық қосылыстарды бір, қос және үш байланысты заттарға ажырата алады. Кейбір оқушылар білу керек: органикалық заттардың изомерлерін біледі, жаза алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқытудың тілдік мақсаты:органикалық қосылыстардың көптүрлілігін сипаттауда, көмірсутектер және олардың туындыларын, функционалдық топатрын ажырату кезінде жұптық, жеке жұмыстар жасауда айтылым, тыңдалым және жазылым дағдыларын қалыптастырады.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар органикалық заттар мен бейорганикалық заттарды ажырата біледі.
Бағалау критерийлері:	Оқушы оқу мақсатына жетті, егер: -органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіре алады. -көмірсутектерді байланыстарына қарай ажырата алады. -органикалық заттардың изомерлерін жаза алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, ізденімпаздық, зерттеушілік қасиеттерге жетелеу, бір-бірлерімен ой пікірлерін бөлісуге үйрету, шапшаңдыққа баулу, өз ісіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, фотосуреттер, видеоматериалдар
Пәнаралық байланыс:	Биология (тірі ағзалар), геометрия (3D модел жасау)
Бастапқы білім:	Элементтерге сипаттама жасау 9 сынып

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Ұйымдастыру шаралары: сәлемдесу. 1. Психологиялық ахуал орнату 2. Үй тапсырмасы. «Ой қозғау» әдісі бойынша«Хлорсутек қышқылы» тақырыбына сұрақтар:	
Сабақтың ортасы	Жаңа сабақ. Тақырыпты ашу. Түсіну. Талқылайды, пікір алмасады, айқындайды, түсінеді. Тапсырма 1. Келесі қосылыстардың арасынан органикалық заттарды теріп жазыңыз.	https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/9-synyp/organikalyq-ximiya-komirtekting-organikalyq-qosylystarynyng-ximiyasy--10639
Сабақтың соңы	Тапсырма 2. Ұсынылған заттарының арасында изомерлерді сәйкестендіріңіз және мүмкін болатын изомерлерін жазыңыз. Тапсырма-3. Берілген қосылыстарды бір, екі және үш байланысты заттарға бөліп жазыңыз.	
Рефлексия	Кері байланыс «Бас бармақ» әдісі бойынша	